Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі Г.М.Айткалиева

«Әке – отбасының тірегі»

Дөңгелек үстел

«Болашақ» ересек, «Еркем-ай» ортаңғы тобы

Әдіскер: А.Н.Әубекер

«Әке – отбасының тірегі» бағдарламасы

Мақсаты:

Отбасындағы әкенің рөлін насихаттау, әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Қатысушылар:

Бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, әкелер.

Жүргізілу тәртібі

I. Кіріспе бөлім

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті әкелер, қадірлі қонақтар!

Сіздерді «Әке – отбасының тірегі» атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер!

Әке – отбасының қорғаны, баланың алғашқы ұстазы, өмірлік бағыт-бағдар беретін тұлға. Бүгінгі кездесудің мақсаты – әкенің бала тәрбиесіндегі орны туралы пікір алмасып, тәжірибе бөлісу және отбасы құндылықтарын дәріптеу.

II. Танысу бөлімі

«Мен қандай әкемін?»

Әр әке өзін таныстырып:

- аты-жөнін;
- баласының атын, жасын;
- «Мен балам үшін...» деген сөйлемді жалғастырады.

Мысалы:

«Мен балам үшін сенімді тірек болуға тырысамын.»

III. Пікір алмасу

Жүргізуші төмендегі сұрақтарды кезекпен қояды:

- Әкенің бала тәрбиесіндегі басты міндеті қандай?
- Балаңызбен күніне қанша уақыт бірге өткізесіз?
- Балаңыз сізден қандай жақсы қасиеттерді үйренгенін қалайсыз?
- Баламен бірге қандай ойындарды ойнайсыз?
- Қазіргі әкенің тәрбиесі бұрынғы әкелерден несімен ерекшеленеді?

Қатысушылар өз ойларын ортаға салады.

IV. Сергіту сәті

«Балам мені қаншалықты таниды?»

Балалар алдын ала әкелері туралы сұрақтарға жауап береді.

Мысалы:

- Әкемнің сүйікті асы?
- Әкемнің жақсы көретін түсі?
- Әкем демалыста немен айналысады?
- Әкемнің сүйікті сөзі?

Әкелер сол жауаптарды табуға тырысады.

V. Жағдаяттық сұрақтар

1. Балаңыз бір нәрсені сындырып қойды. Не істейсіз?
2. Балаңыз ойыншықты бөліскісі келмейді. Қалай әрекет етесіз?
3. Балаңыз қателік жіберді. Қалай түсіндіресіз?
4. Балаңыздың жетістігін қалай атап өтесіз?

VI. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:

Құрметті әкелер!

Бүгінгі кездесуде айтылған әрбір пікірдің маңызы зор. Бала үшін әкенің мейірімі, қамқорлығы мен қолдауы – ең үлкен тәрбие. Отбасында әкенің орны ерекше, өйткені бақытты баланың артында әрдайым қамқор әке тұрады.

Балаңызға күн сайын жылы сөз айтып, бірге уақыт өткізуге тырысыңыздар.

Өйткені бала үшін әкенің махаббаты мен қолдауы ешнәрсемен өлшенбейді.

Сіздерге отбастарыңызға амандық, денсаулық, береке және бала тәрбиесінде табыс тілейміз!

Қатысқандарыңызға үлкен рақмет!

Барлық әкелерге **Алғыс хат** табысталып, естелік суретке түсу ұйымдастырылады.

Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі Г.М.Айткалиева

«Шебер қолдар» шеберлік сағаты

«Айналайын» тобы

Әдіскер: А.Н.Әубекер
Музыка жетекшісі: Д.Хайрушева
Тәрбиешілер: А.Азаматқызы
А.Бисегалиева

«Шебер қолдар»
Аналарға арналған шеберлік сағатының бағдарламасы

Өткізу формасы: Шеберлік сағаты
Қатысушылар: «Айналайын» тобы тәрбиеленушілердің аналары
Мақсаты: Аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық музыкалық аспаптар туралы білімдерін кеңейту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.
Қажетті құралдар: Түрлі түсті фетр маталары, желім, қайшы, дайын үлгілер, кілемшелер, ұлттық музыкалық аспаптардың әуендері.

Шеберлік сағатының барысы
I. Кіріспе бөлім
Қатысушылар жылы жүзбен қарсы алынып, шеберлік сағатының мақсаты таныстырылды. Аналарға бүгінгі кездесудің ұлттық өнер мен шығармашылыққа арналатыны түсіндірілді.

II. Топқа бөлу
Аналар үш топқа бөлінді.
Әр топқа ұлттық музыкалық аспаптардың бір түрін дайындау тапсырмасы берілді:

- I топ – **Асатаяқ**
- II топ – **Домбыра**
- III топ – **Сазсырнай**

III. Шығармашылық жұмыс
Әр топқа фетр матасы мен қажетті құралдар таратылды.
Аналар бірлесе отырып, өздеріне берілген ұлттық музыкалық аспаптың бейнесін фетрден қиып, жапсырып, безендіріп дайындады.
Жұмыс барысында қатысушылар бір-бірімен пікір алмасып, шығармашылық идеяларымен бөлісті. Дайын жұмыстар көрмеге қойылып, әр топ өз аспабын таныстырды.

IV. Танымдық бөлім
Жүргізуші ұлттық музыкалық аспаптардың ерекшеліктері мен олардың мектепке дейінгі балалардың музыкалық дамуы мен ұлттық тәрбие беру үдерісіндегі маңызы туралы қысқаша ақпарат берді.
Сондай-ақ дайындалған аспап бейнелерінің музыкалық-дидактикалық ойындарда қолданылатыны түсіндірілді.

V. Музыкалық ойын
«Әуенді тыңда – аспапты тап»

Еденге асатаяқ, домбыра және сазсырнай бейнеленген кілемшелер орналастырылды.
Музыка жетекшісі кезекпен ұлттық музыкалық аспаптардың дыбыстарын қосты.
Аналардың міндеті – тыңдалған әуеннің қай аспапқа тиесілі екенін анықтап, сол аспаптың бейнесі орналасқан кілемшенің үстіне тұру.
Ойын бірнеше рет қайталанып, қатысушылар ұлттық аспаптардың үнін ажыратуға жаттықты.

VI. Қорытынды

Шеберлік сағаты барысында аналар ұлттық музыкалық аспаптармен танысып қана қоймай, оларды өз қолдарымен жасап, кейін балалармен бірге қолданылатын дидактикалық ойын құралдарын әзірледі.
Іс-шара шығармашылыққа, бірлескен жұмысқа және ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттырып, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайтуға ықпал етті.
Соңында қатысушылар өз әсерлерімен бөлісіп, белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірілді.

Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі Г.М.Айткалиева

«Ана – мейірім шуағы» тренингі

«Аналар мектебі»

«Болашақ» ересек тобы

Әдіскер: А.Н.Әубекер

«Ана – мейірім шуағы» тренингі

Мақсаты:
Аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін нығайту, мейірімді қарым-қатынасты дамыту, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты арттыру.
Қатысушылар: Аналар, тәрбиешілер, психолог
Ұраны
«Мейірімді ана – бақытты бала, бақытты бала – жарқын болашақ!»

Тренинг барысы
I. Амандасу
Жүргізуші:
Армысыздар, құрметті аналар!
Сіздерді «Ана – мейірім шуағы» атты «Аналар мектебі» тренингіне қош келдіңіздер!
Ана – әр отбасының жүрегі, мейірімнің қайнар бұлағы. Баланың бойындағы алғашқы ізгі қасиеттер ананың ақ сүтімен, жылы сөзімен және шексіз махаббатымен қалыптасады.
Бүгін біз өзара тәжірибе бөлісіп, бала тәрбиесіндегі маңызды мәселелерді талқылап, бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлаймыз.
II. Танысу тренингі
«Менің жүрегімдегі ана»
Әр ана өзін таныстырып:
- аты-жөнін;
- баласының атын;
- «Менің ана ретіндегі ең үлкен бақытым...» деген сөйлемді жалғастырады.

III. Психологиялық жаттығу
«Күн шуағы»
Ортаға күннің суреті қойылады.
Әр ана күннің сәулесіне баласына арнайтын бір жылы сөзді немесе жақсы қасиетті жазады.
Мысалы:
- Ақылдым
- Құлыным
- Бақыттым
- Мейірімдім
- Батыл бол
- Денің сау бол

Соңында үлкен мейірім шуағы пайда болады.

IV. Топтық жұмыс
«Жағдаяттарды шешейік»

Аналарға жағдаяттар ұсынылады.

1-жағдаят

Балаңыз ойыншықтарын жинамайды.

Не істейсіз?

2-жағдаят

Балаңыз балабақшаға барғысы келмейді.

Қалай әрекет етесіз?

3-жағдаят

Балаңыз қателесіп бір затты сындырып қойды.

Сіздің әрекетіңіз?

Әр топ өз шешімін ұсынады.

V. Сергіту сәті

«Ана жүрегі»

Жүрек пішінді қағаз таратылады.

Әр ана баласына арналған ең асыл тілегін жазады.

Жазылған тілектер оқылып, ортақ «Тілектер ағашына» іледі

VI. Шығармашылық тапсырма

«Менің баламның болашағы»

Аналар түрлі-түсті қағаздарға баласының болашақта қандай азамат болғанын қалайтынын жазады немесе сурет арқылы бейнелейді.

Әр ана өз жұмысын қысқаша таныстырады.

VII. Рефлексия

«Жүректен жүрекке»

Әр қатысушы бүгінгі кездесуден алған әсерін бір сөзбен немесе бір сөйлеммен білдіреді.

Мысалы:

- Шабыт алдым.
- Ойландым.
- Қуандым.
- Жаңа тәжірибе жинадым.
- Керемет кездесу болды.

Қорытынды сөз

Құрметті аналар!

Сіздердің махаббаттарыңыз, мейірімдеріңіз бен қамқорлықтарыңыз – әрбір баланың жарқын болашағының негізі. Бала тәрбиесіндегі ең маңызды күш – отбасыдағы түсіністік пен жылулық.

Бүгінгі кездесуге белсенді қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Әр шаңыраққа береке, балапандарыңызға денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі Г.М.Айткалиева

«Көңілді старт»
эстафеталық жарысы

Әдіскер: А.Н.Әубекер

Қаңтар, 2025 жыл

«Көңілді старт» эстафеталық сайысы

Мақсаты: Ата-аналармен жарыс өткізе отырып, ата-аналардың балабақшамен байланысын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау.

Жүргізуші:Құрметті ата-аналар, қонақтар «Көңілді старт» атты эстафеталық жарысқа қош келдіңіздер.

«Әнұран» шырқалады

Топтарымызға сәттілік тілеп, қошемет көрсетейік. (Музыка ойналады) Енді сайыс түрлерімен танысайық.

Жүргізуші: Бүгінгі жарыс **6-кезеңнен** тұрады:

1. Таныстыру (Топтың атауы, ұраны)
2. Кім бірінші?
3. Кім шапшаң?
4. Үлкен доп
5. Қарды тез жеткіз
6. Шаңғыны теп

Жүргізуші: Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің сайыстары кәміл шықты.
Спорт пен жылдамдықтың жарысында,
Жеңіске жетер диміз, нағыз мықты — деп әділ қазы мүшелерімен таныс болайық!

Айткалиева Гүлнара Мақсотқызы – Бөбекжай директоры
Калиева Мейрамгуль Маратқызы – бөбекжайымыздың музыка жетекшісі
Сарсенгалиев Айдос Ғасырбекұлы – «Бөбек-1» жеке бөбекжайының дене тәрбиесі нұсқаушысы

Ойын шартымен бөбекжайымыздың дене тәрбиесі нұсқаушысы Айдос Ғасырбекұлы таныстырады.

Ал, кане, жарысқа қатысушы аналар мен балалар денемізді шынықтырып, жаттығу жасап алайық!

<u>1-кезең:</u> *Таныстыру*
<u>Топтың аты, ұранымен таныстырады.</u>
Ойынның шарты: Әр топқа бір шанадан, оның үстіне бір баланы отырғызып, белгіленген жерден айланып өз орнына барады. Кім бірінші келсе, сол топ жеңіске жетеді.

2-кезең: *«Кім бірінші» деп аталады*
Ойынның шарты: Топтың капитаны Обручпен ойыншыларды мәреге жеткізеді.
3-кезең: *«Кім шапшаң» деп аталады*
Ойынның шарты: Допты аяқ ортасынан қойып кедергілерден секіріп жүреді, бірінші келген топ жеңіске жетеді.

4-кезең: **«Үлкендоп»** деп аталады
Ойынның шарты: Бірінші ойыншы екінші ойыншыны үлкен допты ортаға ұстап кедергілер арасынан бастап жүріп өтеді, кезекпен кезек, мәреге бірінші болып жеткен топ жеңіске жетеді.
5*-кезең:* *«Қарды тез жеткіз» (Ыдыстан-ыдысқа қалақпен қар тасу)*
Ойынның шарты: ыдыстағы қарды күрекпен кедергілер арасынан жүгіріп, шелекке тасу. Қай топ шелекке көп қар жинаса, сол топ жеңіске жетеді.
6-кезең: *«Шаңғыны теп»*
Ойынның шарты: Обручпен шаңғы теуіп, мәреге барып қайытып келеді. Қай топ шелекке көп қар жинаса, сол топ жеңіске жетеді.

Тамаша! Керемет! Жарайсыздар ата-аналар! Әділ – қазылар бір шешімге келгенше денемізді қыздырып алайық. Музыка жетекішісі Мейрамгул Мараткызы

Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі – салауаттылық. ***«Көңілді старт»*** атты спорттық эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды. Келіп тамашалағандарыңызға рахмет. Келесі кездескенше, сау болыңыздар!

БӨБЕК KIDS
ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙЫ
ал ең асылымыз
оның тәрбиесі

ал ең асылымыз
оның тәрбиесі

ал ең асылымыз

Бекітемін
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі Г.М.Айткалиева

«Аналар мектебі» аясында «Ана – мейірім шуағы» арт-терапия

«Еркем-ай» ортаңғы тобы

Әдіскер: А.Н.Әубекер
Тәрбиешілер: Ж.Гизатуллина
Р.Зейнеуова

«Аналар мектебі» аясында «Ана – мейірім шуағы» **арт-терапия бағдарламасы**

Өткізу формасы: Ашық аспан астындағы арт-терапия
Өткізу орны: «Бөбек kids» бөбекжайының ауласы
Қатысушылар: Аналар мен тәрбиеленушілер
Мақсаты:
Ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Бағдарлама барысы
I. Қатысушыларды қарсы алу
Іс-шара ашық аспан астында көтеріңкі көңіл күйде ұйымдастырылды. Қатысушыларға арт-терапияның мақсаты түсіндіріліп, жақсы көңіл күй сыйлайтын әуен қосылды.

II. Сергіту сәті
Музыка жетекшісі аналар мен балаларға көңілді әуенмен сергіту жаттығуларын өткізді. Қимылды ойындар мен би қимылдары арқылы қатысушылар бір-бірімен жақынырақ танысып, еркін атмосфера қалыптастырды.

III. Танысу кезеңі
Әр ана өзін және баласын таныстырып, отбасы туралы қысқаша айтып өтті. Сонымен қатар «Мен баламды жақсы көремін, себебі...» деген сөйлемді жалғастырып, жүрекжарды тілектерін білдірді.

IV. Арт-терапия бөлімі
Музыка жетекшісі мен тәрбиешілер алдын ала дайындалған түрлі тақырыптағы суреттерді ұсынды.
Әр ана өз баласымен бірге өздеріне ұнаған суретті таңдап алды. Таңдалған суретті түрлі-түсті бояулардың көмегімен қағаз бетіне бейнелеп, шығармашылық жұмыстарын орындады.
Жұмыс барысында ана мен бала бірлесіп әрекет етіп, өз ойларын, сезімдерін және қиялдарын сурет арқылы жеткізді. Бұл тапсырма олардың өзара түсіністігін, ынтымақтастығын және шығармашылық белсенділігін арттырды.

V. Жұмыстарды таныстыру
Әр отбасы өздерінің салған суретін таныстырып, суреттің мәнін, таңдаған тақырыбын және ондағы ойларын ортаға салды.
Қатысушылар бір-бірінің жұмыстарын қызығушылықпен тамашалап, жылы лебіздерін білдірді.

VI. Рефлексия

Іс-шара соңында аналар алған әсерлерімен бөлісті.

Қатысушылар:

- арт-терапияның ерекше әсер қалдырғанын;
- балаларымен бірге шығармашылық жұмыс жасау қуаныш сыйлағанын;
- мұндай кездесулердің отбасы арасындағы байланысты нығайтатынын атап өтті.

Қорытынды

Ашық аспан астында өткен арт-терапия аналар мен балалардың бірлескен шығармашылығын дамытып, жағымды эмоциялар сыйлады. Іс-шара барысында қатысушылар еркін қарым-қатынас орнатып, бала тәрбиесіндегі мейірім мен қолдаудың маңызын тағы бір мәрте сезінді.

Тренинг өз мақсатына жетіп, аналар мен балалардың көтеріңкі көңіл күймен, жақсы әсермен тарқауына ықпал етті.

Құрметті ата-аналар!

Әкелер күні маусымның үшінші жексенбісінде аталып өтеді.
Осы мерекеге орай бөбекжайымызда әкелердің отбасындағы рөлін дәріптеу, бала мен әке арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында іс-шаралар өткізіледі.

17 маусым

Әке – отбасының тірегі!

Ересек топ

«Бір күн әкемнің орнында» бейнероликтер акциясы

Балалар әкелерінің мамандығымен танысып, олардың еңбегі мен қызметі туралы 1,5–3 минуттық бейнеролик дайындайды.

Ортаңғы топ

«Әкеммен 60 секунд» челленджі

Әке мен баланың бірге өткізген қызықты, әсерлі сәттерін қамтитын 60 секундтық бейнеролик түсіріледі.

Кіші топ

«Әкемен бірге» отбасылық шығармаылық сурет көрмесі

Әке мен баланың бірлесіп орындаған шығармашылық жұмыстарын көрме ұйымдастырылады.

Баршаңызды белсенді қатысуға шақырамыз!
Әр баланың жүрегіндегі ең мықты, ең қамқор жан – оның әкесі.
Бірге әдемі естеліктер сыйлайық!

ӘКЕЛЕР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

№1 ӘКЕ

https://www.instagram.com/p/DZ4azu3sbYs/
https://www.instagram.com/p/DZ4rZ9pMYD4/

“Бөбек kids”

жеке бөбекжайы

«ЖАС ІЗ КЕСУШІЛЕР» апталығы

Іздейміз, зерттейміз, достасамыз, үйренеміз!

Бақылаймыз!
Зерттейміз!
Табамыз!
Үйренеміз!

ДҮЙСЕНБІ
Із кесушілер ойын күні

- «Қазынаны тап»
- «Ізбен жүріп көр»
- «Кімнің ізі?»
- «Жасырынған затты тап»

Мақсаты: балалардың байқампаздығын, зейінін дамыту.

СЕЙСЕНБІ
Аңдар мен аңшылар

- Кіші топ: саусақпен аңдардың іздерін салу.
- Ортаңғы топ: сүйікті жануарын бейнелеу.
- Ересек топ: «Ормандағы аңшылар мен аңдар» тақырыбында сурет салу.

Көрме ұйымдастыру: «Орман әлемі»

СӘРСЕНБІ
Мейірімді достарым

- Досы туралы әңгімелеу.
- «Менің сүйікті досым» фотокөрмесі.
- «Достық шеңбері» ойыны.
- «Біз біргеміз!» ұжымдық плакатын жасау.

Ұраны: «Досың көп болса – қуанышың көп!»

БЕЙСЕНБІ
Саялы баққа саяхат

- Ағаштар мен гүлдерді бақылаймыз.
- Құстардың дауысын тыңдаймыз.
- Табиғаттағы өзгерістерді зерттейміз.
- Табиғи материалдарды жинаймыз.

Ұраны: «Табиғатты танып, сырын ашамыз!»

ЖҰМА
Сыр сандық

- Ата-аналардың қатысуымен ертегі күні.
- Ата-аналар балаларға ертегіні сахналап көрсетеді немесе ертегіні рөлдерге бөліп оқып береді.

Мақсаты: қиялды, тіл байлығын дамыту, отбасылық қарым-қатынасты нығайту.

«Жас із кесушілер – тапқыр, зерек, мейірімді балалар!»

Апталық тақырып:
«Жаз да келді көңілді!»

«Бөбек kids» жеке бөбекжайы ♥

	Дүйсенбі «Көпіршіктер күні»	Сейсенбі «Күншуақ күні»	Сәрсенбі «Гүлдер әлемі күні»	Бейсенбі «Су қызықтары күні»	Жұма «Жазғы көңілді фестиваль»
Кіші топ (2-3 жас)	Сабын көпіршіктерін үрлеу, ұстау, бақылау.	«Күн сәулесі» саусақ ойыны, күннің суретін бояу.	Гүлдерді бақылау, гүлдермен танысу.	Сумен сенсорлық ойындар.	Қимылды ойындар, би билеу.
Ортаңғы топ (3-4 жас)	«Кімнің көпіршігі үлкен?» ойыны, көпіршік суретін салу.	Күн туралы тақпақтар жаттау, күн сәулелерін жапсыру.	Түрлі-түсті қағаздан гүл жасау.	Су құю, су тасымалдау ойындары.	Көңілді эстафеталар.
Ересек топ (4-5 жас)	Көпіршіктермен эстафеталық ойындар, тәжірибе жасау.	«Күннің пайдасы» тақырыбында әңгімелесу, шығармашылық жұмыс.	Ауладағы гүлдерді күту, гүл отырғызу жұмыстары.	Су тәжірибелері мен шағын зерттеу жұмыстары.	Спорттық жарыстар мен жазғы флешмоб.

Апта бойы балалар жаз мезгілінің ерекшеліктерімен танысып, қызықты ойындар ойнап, шығармашылықпен айналысып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын іс-шараларға қатысады.

ҚҰРМЕТТІ БҰЛДІРШІНДЕР!

1 МАУСЫМ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН

ҒАЖАЙЫП ҚАЛАШЫҚТАРҒА

САЯХАТ

атты мерекелік шараға шақырамыз!

БІЗБЕН БІРГЕ:

- КҮЛКІ ҚАЛАШЫҒЫНА
- СПОРТ ҚАЛАШЫҒЫНА
- МАТЕМАТИКА ҚАЛАШЫҒЫНА
- ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНА
- ҚУЫРШАҚТАР ҚАЛАШЫҒЫНА

СІЗДЕРДІ:

- қызықты тапсырмалар
- көңілді ойындар
- эстафеталар
- би мен шаттыққа толы мереке күтеді!

КҮНІ: 1 МАУСЫМ 2026 ЖЫЛ

УАҚЫТЫ: 14:30

ӨТЕТІН ОРНЫ: БӨБЕКЖАЙ АЛАҢЫ

КӨҢІЛДІ САЯХАТҚА БІРГЕ АТТАНАЙЫҚ!

1 МАУСЫМ – БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ
«ҒАЖАЙЫП ҚАЛАШЫҚТАРҒА САЯХАТ»
МЕРЕКЕЛІК СЦЕНАРИЙ

(Музыка ойнап тұрады. Алаң түрлі түсті шарлармен безендірілген.)

ТАҢҒЫ ҚАБЫЛДАУ

Балаларды кейіпкерлер қарсы алады.
Әр балаға «Саяхат билеті» беріледі.
Кейіпкерлер:
Сайқымазақ
Қуыршақтар
Микки маус
Балалар музыкамен алаңға жиналады.

АШЫЛУ БӨЛІМІ

Жүргізуші:
Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Бүгін ерекше күн!
Біз ән айтып қана қоймаймыз, бүгін біз ғажайып «Ғажайып Қалашықтарға саяхатқа» аттанамыз!
Сендерді түрлі қызықтар, ойындар, тапсырмалар күтеді.
Саяхатқа дайынбыз ба?
Балалар:
Иәәә!
(Музыкамен Микки маус жүгіріп шығады.)
Тоқтаңдар!
Қалашықтардың қақпасы жабық тұр!
Оны ашу үшін көңілді энергия керек!
Жүргізуші:
Ендеше бәріміз бірге көңілді музыкалық ырғақты қимылдарға билеп алайық.
(Музыка қосылады)
Қол шапалақтау
Аяқпен тарсылдату
Секіру
Оңға бұрылу
Солға бұрылу
«Күлімде!» ойыны
Микки маус:
Керемет!
Енді саяхат басталады!

1-ҚАЛАШЫҚ — СПОРТ ҚАЛАШЫҒЫ

Микки маус:
Нағыз мықтылар осында ма?
Балалар:
Иә!
Ойындар:
Допты сиқырлы қолшатырға салу
Кедергіден өту

Эстафета
Қырсаумен кішкентай достарды тасымалдау
Секіргіш іздермен жүру
Микки маус:
Жарайсыңдар!
Сендер өте шапшаң екенсіңдер!
(Балаларға белгі соғылады.)

2-ҚАЛАШЫҚ — КҮЛКІ ҚАЛАШЫҒЫ

Бұл қалашықта ешкім ренжімейді.
Барлығы күліп, би билеп жүреді!

Ойын: “Қимылды қайтала”
Музыка қосылады. Жүргізуші түрлі қызықты қимылдар көрсетеді, балалар қайталайды.
Ортақ би: “Қуырмаш” немесе флешмоб.

«Айналайын» тобы
(Сайқымазақ шығады.)
Сайқымазақ:
Сәлем, кішкентай әртістер!
Қазір біз актер боламыз!
Ойын:
«Көңіл-күйді көрсет» (смайликтер көрсету)
Балалар:
күледі
таңғалады
ренжиді
қуанады
Тапсырма:
Аю болып жүру
Қоян болып секіру
Клоун:
Өнерлі балалар көп екен!

3-ҚАЛАШЫҚ — МАТЕМАТИКА ҚАЛАШЫҒЫ
«Болашақ» тобы
(Профессор Санақ кіреді.)
Профессор:
Сәлем, ақылды балалар!
Кім тапсырма орындағанды жақсы көреді?
Балалар:
Мен!
Ойындар:
Пішінді жалғастыру (Домино ойыны)
Түстерді ажырат
Үлкен-кіші
Санамақ
Логикалық тапсырма

Профессор:
Керемет!
Сендер өте ақылды екенсіңдер!

4-ҚАЛАШЫҚ — ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ
«Еркем-ай» тобы
(Суретші келеді.)
Суретші:
Бүгін бәріміз суретші боламыз!
Іс-әрекеттер:
Құмға сурет салу
Саусақпен бояу
Аппликация
Ортақ сурет жасау
Суретші:
Неткен әдемі жұмыстар!

5-ҚАЛАШЫҚ — ҚУЫРШАҚТАР ҚАЛАШЫҒЫ
(Қуыршақ ханшайымы шығады.)
Ханшайым:
Қош келдіңдер, кішкентай достар!
Ойындар:
Қуыршақты тербету
Киіндіру
Саусақ театры
«Жылы сөз айт» ойыны
Ханшайым:
Сендер өте мейірімді балалар екенсіңдер!

ФИНАЛ
Барлық балалар ортаға жиналады.
Жүргізуші:
Бүгін сендер:
спортшы,
актер,
инженер,
суретші болдыңдар!
Сендер барлық тапсырманы тамаша орындадыңдар!

Ән «Бақытты балалық шақ»
ФЛЕШМОБ «Болашақ» тобы

(Көңілді ән қосылады.)
Барлық топ ортақ би билейді.

Балалар әрқашан бақытты болсын!
Күніміз ашық, аспанымыз тыныш болсын!

1 маусым мерекесі құтты болсын!

ҒАЖА
КАЛАШЫҚТАРҒА
САЯХАТ

ҒАЖАЙ
ҚАЛАШЫҚТАРҒА
САЯХАТ

Құрметті ата-аналар!

Сәуір мен мамыр айының
кішкентай жұлдыздары
туған күндерін бірге тойламақ! 🎉

Сіздерді балаңызбен бірге
қуанышқа, күлкіге, биге және тәтті сәттерге толы

“BIRTHDAY PARTY”

мерекесіне шақырамыз! 💗

Кешімізде:

- 💃 көңілді билер
- 🎯 қызықты ойындар
- 👨‍👧 ата-анамен бірге эстафеталар
- 📷 әдемі фотозона

Бүгінгі кештің басты
жұлдызы —
СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗ! ⭐

📅 Күні: **26.05.2026**

🕒 Уақыты: **15:30**

📍 Өтетін орны:
“Бөбек kids” жеке бөбекжайы

Келіңіздер, балалық шақтың
ең бақытты сәттерін бірге сыйлайық! 💛